

Ақпараттық технологиялар факультеті

БЕКІТМІН
Қабылдау комиссиясының
төрағасы, ректор
Е.Б. Сыдықов
2020 ж.



Ақпараттық технологиялар факультетінің
бакалавриат білім беру бағдарламалары топтары
бойынша онлайн сұхбат
БАҒДАРЛАМАСЫ

Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

Құрастырғандар:

Факультет деканы



Ш.Ж. Сеилов

Ақпараттық жүйелер
кафедрасының меңгерушісі



Ж.А. Тусупов

Келісілді:

Компьютерлік және
программалық инженерия
кафедрасының меңгерушісі



К.А. Дюсекеев

Ақпараттық қауіпсіздік
кафедрасының меңгерушісі



Д.Ж. Сатыбалдина

Информатика
кафедрасының меңгерушісі



М.С. Серік

Жүйелік талдау және басқару
кафедрасының меңгерушісі



Г.А. Ускенбаева


Сұхбат бағдарламасын ақпараттық технологиялар факультетінің оқу-әдістемелік комиссиясы мақұлдады («23» маусым 2020 жылғы № 10 хаттама).

ОӘК төрағасы



Л.Т. Кусепова

Факультет деканы



Ш.Ж. Сеилов

Келісілді:

Оқу ісі бойынша проректор



Е.А. Онгарбаев

ОНЛАЙН СҰХБАТ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Негізгі ережелер
2. Сұхбаттасу ережелері
3. Сұхбаттасу нәтижелерін бағалау критерийлері
4. Сұхбат мазмұны

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕ

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орындарына оқуға қабылдаудың типтік ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Онлайн сұхбаттың мақсаты - шетелдік азаматтардың кәсіби қабілеттерін анықтау, олардың ақпараттық технологиялар факультетінің білім беру бағдарламалары топтары бойынша қазақстандық жоғарғы оқу орнында оқуға дайындығын анықтау, сонымен қатар кәсіптік бағдар мен жалпы мәдениеттің деңгейін анықтау.

Өткізу мақсаты:

- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де оқытудың мақсатын анықтау;
- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де оқу мерзімін білу;
- шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасындағы жоғары білім жүйесі туралы хабардарлығын тексеру;
- шетелдік азаматтардың бакалавриатта оқуға қажетті пререквизиттерін анықтау (негізгі мектеп білімінің болуы);
- шетелдік азаматтың топта оқуға және бірлескен әлеуметтік және білім беру іс-шараларын өткізуге дайындығын анықтау.

2. Онлайн режимінде сұхбаттасу ережелері

Шетелдік талапкерлермен сұхбаттар ақпараттық технологиялар факультеті бакалавриатының білім беру бағдарламалары топтарының аясында жүзеге асырылады:

- «B057 – Ақпараттық технологиялар»;
- «B058 – Ақпараттық қауіпсіздік»;
- «B063 – Электротехника және автоматтандыру»;
- «B011 – Информатика мұғалімдерін даярлау».

Онлайн сұхбат 2020 жылдың 15 тамызынан 25 тамызы аралығында жүргізіледі.

Онлайн сұхбат жүргізу үшін Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының бұйрығымен бекітілген комиссия құрылады.

Комиссияның мүшелерінің құрамы, төрағаны қосқанда тақ саннан тұрады. Комиссияның шешімі, егер оның отырысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Комиссияның шешімі онлайн-сұхбатқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Онлайн сұхбатты өткізу күні, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және университет сайтында орналастырады.

Сұхбаттасу үшін «Platonus» АИС жүйесінде тіркелу қажет.